ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 маусым № 5265-25-00-2/1459 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі» республикалық мелекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Игілік» Сыдықова Мәдина Әбдіқадырқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі» республикалық мелекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Игілік» Сыдықова Мәдина Әбдіқадырқызыны мемелекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұраұқсыздық айыппұлды өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Игілік» Сыдықова Мәдина Әбдіқадырқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Игілік» Сыдықова Мәдина Әбдіқадырқызынынан мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл 88 844 (сексен сегіз мың сегіз жүз қырық төрт) теңге және мемлекеттік баж 4 631 (төрт мың алты жүз отыз бір) теңге 32 тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Документ подписан: Кенжебаева Ж. К., 01.07.2025

Дата вступления в законную силу: 22.07.2025, судья Кенжебаева Ж. К., 15.08.2025

5265-25-3-1/1482